



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Дәрілік заттарды таңбалау басталады

Елімізде 2024 жылдан бастап дәрілік заттарды таңбалау үдерісі басталады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Финияттың төрағалығымен өткен дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау мәселелері жөніндегі кеңесте айтылды. Отырысқа Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, Сауда және интеграция министрлігінің, Қаржы министрлігінің өкілдері және Денсау-

пайыз таңбалау және қадағалауды іске қосу туралы келісімге қол жеткізді.

Бірыңғай оператордың мәліметінше, Қазақстанда міндетті таңбалау енгізілген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін 69,1 мың табиғи жүннен жасалған бұйым, 3,3 млрд темекі өнімі, 102,4 млн аяқкиім тауары таңбаланған. Сарапшылар жобаның жүзеге асу үдерісін тежейтін бірқатар маңызды тұстар да бар екенін айтады.



лық сақтау министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен дербес департаменттерінің басшылары, сондай-ақ Цифрлық таңбалау және қадағалау бірыңғай операторының өкілдері қатысты.

Отырыста дәрілік заттарды цифрлық таңбалау және қадағалау жобасын енгізуге қатысты бірқатар мәселе талқыланды. Спикерлер жүйенің мүмкіндіктерін ашып айтты – өндірушінің зауытынан бастап соңғы тұтынушыға сатуға дейін тауар туралы ақпарат толықтай көрсетілді. Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың отандық жүйесінде қолданылатын шет мемлекеттердің тәжірибесі мен үздік шешімдері ұсынылды.

Сондай-ақ отырыста спикерлер тауарларды таңбалаудың және қадағалаудың цифрлық архитектурасын талқылады және Денсаулық сақтау министрлігінің жүйелерін (ПОВ және ДЛО) бірыңғай оператордың таңбалау және қадағалау ақпараттық жүйесімен біріктіру бойынша алдын ала жоспарлар әзірледі.

Қатысушылар дәрі-дәрмек өндірушілердің шығындарын өтеу бөлігінде отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ішкі нарыққа жылжытуға бағытталған саланы мемлекеттік ынталандыру қажеттілігін талқылады. Оған қоса, отырыста облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктеріне облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың медициналық ұйымдарын таңбаланған дәрілік заттармен жұмыс істеуге қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсыру туралы шешім қабылданды.

Кездесу нәтижесінде тараптар 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін дәрілік заттарды 100

Олар негізінен ақпараттық таңбалау жүйесінің техникалық проблемалары мен кемшіліктері. Бұған қарамастан, отандық аяқкиім өндірушілерінің өкілдері тауарларды міндетті түрде таңбалауды бизнестің мүдделеріне сай деп санайды.

«Отандық бизнес өкілдері ретінде біз тауарларды міндетті түрде таңбалауды қолдаймыз, өйткені бұл отандық өндірушінің мүдделерін қолдайды, бәсекелестік үшін тең жағдай жасайды. Егер техникалық проблемалар болса, оларды шешу керек. Біз таңбалау жүйесін енгізу үдерісіне қатысуға дайынбыз», дейді «Qaz Textile Industry» жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ұлттық бірлестігінің өкілі Анар Қайыржанова.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, тауарларды таңбалау жобасын енгізудің негізгі міндеті – тауарлардың еркін және заңды айналымын, ашықтығын қамтамасыз ету. Бұл ретте салалық ведомство мүдделі қатысушылармен әрбір тауар тобы бойынша барлық мәселені талқылап, қарастыруға дайын.

Айта кетелік, елімізде көлеңкелі нарыққа қарсы күрес құралы ретінде тауарларды цифрлық таңбалау және қадағалау 2018 жылы басталды. 2022 жылғы 4 қазандағы жағдай бойынша 4 тауар тобы бойынша міндетті таңбалау енгізілді: үлбір мен темекі бұйымдары, аяқкиім және дәрілік заттар. Құрамында қанты бар қапталған сусындар мен зергерлік бұйымдарды таңбалау бойынша қанатқақты жобалар іске асырылып жатыр.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Мемлекет басшысы Мәулен Әшімбаевты қабылдады

Мемлекет басшысы Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президентке жоғарғы палатаның заң шығару қызметі туралы баяндалды. Сенаттың Парламенттегі қызметі басталғаннан бері 21 заң мақұлданып, қабылданған. Оның ішінде еңбек дауларын шешу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, цифрлық активтер, сондай-ақ Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар қаралған.

Мәулен Әшімбаевтың мәліметі бойынша қазіргі уақытта Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзір-

ленген маңызды заң жобалары қаралып жатыр. Атап айтқанда, алдағы кезеңде 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауды, Әлеуметтік кодексті, сондай-ақ әкімшілік реформа, адам құқықтары және азапталулардың алдын алу, мемлекеттік қызмет мәселелеріне қатысты заң жобаларын қарастыру жоспарланып отыр.

Президентке палатаның сот жүйесін реформалау және процессуалды заңнаманы жетілдіру жұмыстары туралы ақпарат берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Сенатта жұмыс тобы құрылған. Бұл топ 60-тан астам отырыс

өткізіп, 350-ге жуық ұсыныс жинаған. Аталған жұмыстың нәтижесінде екі заң жобасы әзірленді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сенат жұмысындағы өңірлік күн тәртібін нығайтуға, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеяларын ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда кешенді дамыту жөніндегі реформаларды одан әрі қолдауға бағытталған заңнамалық қызметті жалғастыру қажет екенін атап өтті.

## Дауыс берушілер сайлау учаскесін қалай біле алады?

2023 жылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Қазір кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары қызу жүріп жатыр.

Дауыс берушілер өз сайлау учаскесін [sailau.gov.kz/#info](http://sailau.gov.kz/#info) сайтынан біле алады.

Ол үшін сайлаушы сайтқа кіріп, тұратын аймағы мен ЖСН нөмірін енгізуі қажет. Содан кейін сайлау учаскесі туралы толық ақпарат шығады. Егер сайлау учаскесі шықпаса, дауыс берушіге қайда хабарласу керекі туралы ақпарат беріледі.

Ал Астана қаласы тұрғындары [sailau.astana.kz](http://sailau.astana.kz) сайтының қызметі мен арнайы телеграм ботты да (@sailau\_astana\_bot) пайдалана алады.

Телеграм бот ЖСН-ді енгізгеннен кейін сайлау учаскесінің мекенжайы мен сайлауға түсіп жатқан мәжіліс және мәслихат депутаттарының тізімін жібереді.

## Заң бұзған 674 шетелдік азамат елден шығарылды


Ішкі істер министрлігі 674 шетелдіктің елден шығарылғанын хабарлады.

Ішкі істер министрлігі шетелдіктердің көші-қон заңнамасын бұзу фактілерін анықтауға бағытталған «Мигрант» жедел-алдын алу шарасының қорытындысын шығарды.

«Көші-қон заңнамасын бұзғандарды ел аумағынан шығару туралы 674 сот шешімі шығарылды. Барлық шығарылған тұлғаларға бес жылға Қазақстанға кіруге тыйым салынды. Сонымен қатар өз азаматы болып табылатын елде қылмыс жасағаны үшін іздеуде жүрген 22 шетелдік ұсталды», деп хабарлады ІІМ баспасөз хатшысы Шұғыла Тұрлыбек.

Ол Жамбыл облысында Шекара қызметі мен ҰҚК бірлесіп 2022 жылдың қарашасында Қазақстанға заңсыз кірген Пәкістанның тоғыз азаматы, Алматыда Қырғызстан азаматы мемлекеттік шекараны өткізу пунктінен тыс жерде заңсыз кесіп өткен азамат ұсталғанын атап өтті.

Сондай-ақ заңсыз көшіп келушілерге баспана берген тұлғаларға қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.





лерін жеткізді.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы өз сөзінде Созақ ауданы ардагерлер кеңесі Түркістан облысындағы үздік ұйым болып танылып, үлкен жетістіктерге жеткенін атап өтті. Сонымен қатар, аудан көлемінде атқарылар бірқатар жоспарларымен бөлісті. Елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтуға елеулі үлес қосып, ауданымызды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту мақсатында жасалып жатқан жұмыстарға қолдау білдіріп отырған ел ағаларына алғысын жеткізді.

## АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТЫҢДАЛДЫ

Өткен аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің кезекті төртінші пленум жиыны өтті. Аталған жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері мен бірқатар сала мамандары, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе аудандық ардагерлер кеңесінің 2022 жылғы атқарған жұмыстары және алдағы міндеттері туралы ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов баяндама жасап, аудандық ардагерлер кеңесінің 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы Әжелер алқасының төрайымы Мәру-



аш Қайыржанова хабарлады.

Жиында Созақ ауданның құрметті азаматы, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Аманбек Мұсабек бірқатар ұсыныс-пікір-

Жиын соңында күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, аудандық ардагерлер кеңесінің пленум мүшелері дауысқа салып, қаулы қабылдады.

## Қыздарға әсемдік жарасады

«Мыңжылқы» мәдениет сарайында дәстүрлі ұлттық мерекеміз-Халықаралық әйелдер күніне орай, салтанатты жиын өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ақ жаулықты әжелер, асыл аналар мен қыз-келіншектерді мерекемізмен құттықтап жылы лебізін білдірді. Аудан басшысы өз құттықтауында:

- Көгілдір көктеммен жарыса келетін бұл күн, әйел қауымына қуаныш сыйлайтын айрықша мереке. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әйелдер қауымы – отба-



сының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы!»,-дегеніндей, біздің өмірімізде әйелдердің орны ерекше. Еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жолында, әр салада ардақты аналарымыз, аяулы қарындастарымыз аянбай еңбек етіп жүр. Ер-азаматтармен қатар қоғамның жүгін қайыспай көтеріп, Тәуелсіз еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы. Салтанатты шарада Президент Жарлығына сәйкес көп баланы дүниеге әкелген аналарға «Алтын» және «Күміс» алқалары құрметпен табыс етілді. Әрине, осы күні түрлі салада қажырлы еңбек етіп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына толассыз үлес қосып жүрген қыз-келіншектерде аудан әкімі алғыс хатының иегері атанды. Мерекелік әсем ән мен тәтті күй Теріскей алабын шарлай жөнелді.

## Асыл әжем, ғасыр әжем аңсаған...



-деп әуезді әнде шырқалғандай аналар күні көктем айы басталғалы бүкіл әлем жұрты мерекелеуде. Осы күні аудан әкімі

Мұхит Тұрысбеков Аққолтық елді мекенінің тұрғыны, 100 жасқа келген Шойтанова Сәндікүл апаның және Шолаққорған ауылының тұрғыны, 85 жастағы, 8 бала тәрбиелеп, 24 немере мен 39 шөберенің қызығын көріп отырған Шыныбаева Шәкен апамыздың шаңырақтарында болып, әжелерді мерейлі мерекелерімен құттықтап, ақ жаулықты аналарға деген мерекелік сый-сияпатын табыс етті. Аудан басшысы апамыздың жағдайын шұрап мерекеге дейін де бірнеше мәрте келген болатын. -«Қарты бар елдің-қазынасы бар»-деген. Қартымызды арқашан құрмет тұтсақ, ел болып қарыштап дами түсетініміз сөзсіз. Аяулы анаға, ардақты әжелерге деген құрметімізді ешқашан тоқтатпауымыз керек,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.



## Әлемнің жарығын сыйлаған сәбиге

Мереке күні «Іңкәр» тойхана-сында алтын құрсақты көп балалы батыр аналар құрметіне аудан әкімінің мерекелік дастарханы жайылып, құрмет көрсетілді. Аталған шараға аудан аумағындағы барлық ауыл, кент округтерінен арнайы шақырылған аналар қатысты. Мерекелік дастархан басында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ақ жаулықты әжелер мен ардақты аналарға өзінің жүрек-жарды мерекелік құттықтауын жеткізді.

-Әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, ақ сүтін беріп аялаған, ұрпағы үшін жанын да аямаған ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар екені даусыз. Еліміздің болашағы тәрбиелі ұрпақ, білімді ұл-қыз болса, сол ұрпақты тәрбиелеуде ананың орны ерекше. Мерейлі мереке қарсаңында жасалып жатқан барлық сый-құрметіміз, өздеріңіздей ақ

жаулықты аналар қауымына арналады. Әрдайым шат-шадыман күй кешіп, бақ-берекелеріңіз арта берсін,-деген аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы мерекелік шараға жиналған барлық аналарға сый-сияпатын табыс етті. Салтанатты шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Аманбек Мұсабек, ел ағалары Арынбеков Бүркіт, Ізбалаев Сәтбай, әжелер алқасының төрайымы Мәруаш Қайыржанова, аналар кеңесінің төрайымы Ырысты Райымқұлова, журналист Есенкүл Көшербаева ақ жаулықты аналарды мерекеміз құттықтап ыстық ықыластарын білдірді. Жанұзақов Сатыбалды жыр шумағын арнаса, «Созақ серілері» тобымен «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары аналарға деген құрметін әнмен жеткізді.

## КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков көктемгі тазалық жұмыстарымен танысып, аудан орталығы Шолаққорған ауылында орналасқан бірқатар саябақтарды аралады. Аралау барысында көркейтудің қажеттілігін алу керектігіне тоқталды. «Абай» саябағына шырша көшеттерін отырғызып, өткен жылғы егілген тал көшеттерінің жай-күйін бақылады. Жауапты мамандарға аудан аумағын, ауыл, кент округтері мен күтіп-баптау нысандарын көгалдандыру мақсатында тал егу жұмыстарын одан әрі күшейту керектігін айтты. Сонымен қатар, алдағы күндері аудан бой-



ынша жаппай сенбілік жұмыстары ұйымдастырылатынын ескертті.

**Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.**

# “БАСТЫ МАҚСАТ-ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ БОЛДЫ”,

## - дейді ауданның Құрметті азаматы, еңбек ардагері Пардабек Сақтапбергенұлы

Бала кезімізде үлкендерге еліктеп өстік. Әсіресе алдыңғы толқын ағаларға құсағмыз келетін. Соларға қарап бой тұзейтінбіз. Олар бізге үлкен тау тұлға болып көрінетін. Шағын алақандай ауылдағы балалар үшін үлкендер ерекше үлгілерімен ерекшеленетін. Жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы, әңгімеге тарту білуі жағынан бөлекше әсерге бөлейтін. Біз ол уақытта мектеп табалдырығын жаңа аттаған кіп-кішкентай шәкірттеріміз. Енді ғана оқушылық өмірге үйрене бастаған сәтіміз. Пардабек ағамдардың орта білім алып, үлкен өмірге қанат қағып жатқан кезі. Қызылкөл елді мекеніндегі М.Әуезов мектебі сол уақыттарда сегіз жылдық білім хасы болатын. Ауыл балалары орта мектепті Қ.Сәтбаев атындағы білім шаңырағында бітіретін. Пардабек ағам сыныптастарымен бірге сол мектепті тәмамдады. Шәкірт кезінің өзінде ол сабақты жақсы оқуымен, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуымен танылған еді.

Жас жігіт шаруашылық жұмыстарына да өте бейім болатын. Бойындағы шаруаға деген икемділік оны Қазақтың Мемлекеттік Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетіне оқуға тусуға жетеледі. 1975 жылы аталған оқу орынын бітіріп шығады. Институтта жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, домбыра оркестрі мүшелерінің құрамында болды. Талай өнер байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленеді. Өнерпаз студент ретінде республикамыздың түкпір-түкпіріне гастрольдік сапарларға шығады. Болашақ агроном мамандық иесі атануымен қатар өнерді де қабат алып жүріп, көпшілікке танылады. Ол кездерде ауыл шаруашылығы институтының орыны республикамызда алдыңғы шептен көрінетін. Өйткені, ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын іргелі оқу орындарының бірі болатын.

Пардабек ағамыз жастайынан шопан отбасында өсіп, жаз жайлауда Көкжонның бойында қозы-лақ қайтарып мал жайса, қысты күндері Үшкөкшенің құмында атқа мініп, мал қайыраған. Әкесі Сақтапберген көкеміз шаруагер, көпшіл, өз ісіне шынайы берілген азамат еді. «Әке көрген-оқ жонар» дегендей Пардабек әке тәрбиесін ала жүріп, бойына кісілік керемет қасиеттерді қалыптастыра білді. Өзіне бала кезінен етене шаруашылық жұмыстарына мектеп қабырғасында оқып жүрген уақытта каникулға келген сайын білек сыбана кірісіп кететін.

Институт бітіріп, курстастары әр тарапқа тарап жатқан сәтте П.Сақтапбергенұлы туған ауылға келіп, еңбек жолын бастады. Әуелі өскен жеріндегі кеңшарда газ балондарын аудан орталығынан жеткізуші болып жұмысқа орналасты. Бұл қызметті де абыройымен атқарып, ауылдастырының уақтылы көгілдір отынды пайдалануына өзіндік үлес қосты. Жалынды жасты аудандағы комсомол ұйымының басшылары Құмкент кеңшарының комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлады. Жастар арасындағы керемет істерге ұйытқы болып, оларды еңбекке, өнерге тартуда көптеген жұмыстар жасады. Атап айтқанда «Салқын адыр» көшпелі үгіт-насихат бригадасын құрғанының өзі кейінгі жас буындарға үлгі боларлық іс десек артық айтқандық болмас. Сол өнер ұжымы кезінде республикаға танылып, атағы жер жарды. Домбыра оркестрі, хор, бишілер тобынан жасқалған өнер ұжымы әсем қала Алматыға барып концерт қойғаны сол уақыттағы көрермендердің есінде. Республика астанасынан белгілі режиссер Серік Елеусізов келіп, 2-3 ай бойы «Салқын адырды» жан-жақты дайындады. Ол кезінде «Гүлдер» ансамблінің жетекшісі болған азамат. Қазақстандағы өнер ұжымдарының ішінде шоқтығы биік болып көрінген салқын адырлықтар «Мәдениет және тұрмыс» журналының айқара бетінен орын алып, құмкенттік өнерпаздардың суреті жарияланды. Бұл дегеніңіз кезіндегі облыстық мерейін көтерген оқиға болған еді. Пардабек Сақтапбергенұлы Файзулла Үрмізов құрған оркестрдің құрамында өнер көрсеткен. Жастардың жетекшісі ретінде көптеген өрендердің басын қосып, өнерге баулып, таланттарын шыңдаған.

Сонау 70 жылдары «Дос-Мұқасан» ансамблі құрылып, атағы жер жарып, жастар қауымының сүйікті өнер тобына ай-

налды. Осы тұста ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетінің қолдауымен Пардабектер де «Алтын дән» деп аталатын ансамбль құрады. Ансамбльді Алматы қаласының жігіті Нұрлан Сүтемғенов мен Меркениң жігіті Асқар Спанқұлов үшеуі ұйымдастырады. Бұл ансамбль сол кездегі жастардың үйлену тойының гүліне айналады. Олардың қатысуынсыз бірде бір той өтпейді. Сол кездің жастары тірі дауыстағы музыка ойнайтын кештерге көп баратын. Пардабек ағамыздың курстастары сол уақытта шеттерінен үйленіп жатады. Үйлену тойлары бұлардың қатысуынсыз өтпейтін еді. Ағамыздың екінші курстан кейінгі студенттік өмірі сол ансамбльмен байланысты болды. Институтты кәсіби білім берумен бірге қосалқы мамандықтар да беретін. Ол мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастырушы деп аталатын. Болашақ агроном бұл мамандықты та институттан қоса алып шығады.

Кейін кеңшарда комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүрген кезінде драма үйірмесін ұйымдастырады. Көрші Сарысу, Бәйдібек аудандарына барып концерт қояды. Сонымен қатар ауданымыздағы барлық кеңшарларға концерт көрсетеді. Ал, «Салқын адыр» үгіт-насихат бригадасы белгілі күйші Ф.Үрмізовтың кезінен келе жатқан өнер ұжымы болатын. Оны облыстық мәдениет басқармасына қарасты көркемөнерпаздарды қолдау орталығы ұйымдастырған-тын.

«Салқын адырдың» негізін белгілі журналист, ақын, шежіреші, талантты ағамыз Ердеш Кенжебаев қалыптастырған. Оның атын қойған, ол жайында алғаш рет сценари жазған сол кісі.

П.Сақтапбергенұлы Калинин атындағы кеңшардың да мәдени-көпшілік жұмыстарына үлесін қосқан. Кеңшарда мәдениет үйі бар-тын. Онда 20 шақты адам штатпен жұмыс жасайтын. Мәдениет үйінің директоры Нұрболат Шабахов еді. Еңбекшілерге рухани азық беруде көптеген жұмыстар жасайды. Соған Пардабек белсене кірісіп, қыруар тірлік атқарады.

Кәсіподақ қызметіне келген кезінде де мәдени-көпшілік шаралардың бел ортасында жүрді. Сол уақытта Қызылкөлдің шығыс жағында аудандық тұтынушылар қоғамының ғимараты орналасқан еді. Бұл жерде әр кеңшардың еңбеккерлеріне демалыс ұйымдастырылатын. Кәсіподақтар сол жерден демалыс орнын ашты. Шопан, малшы, механизаторлар осында келіп демалатын. Демалыс аймағы бір ауысымға 30-40 адам қабылдайтын.

Қияқ мұртты, көрікті, сырбаз жігіт Құмкент ауылының Шолпандай аруына сөз салып, 1979 жылы екеуі шаңырақ көтерді. Біз сол кезде орта мектепті жаңа тәмамдаған мұрты енді тебіндеп келе жатқан бозбаламыз. Пардабек ағамның Қызылкөлдегі қара шаңырағында дүбірлетіп той өткені әлі есімде. Ол уақытта «Той жыры» айтылып, бүкіл ауылдан кілем жиналып, тұс-тұсқа ілініп, той өткізілетін. Жас желеңдер далада тойды қызықтатп жүретінбіз.

Пардабек ағам Құмкентке барып қатынап істейтін. Шолпан жеңгіміз де сол ауылда қызмет жасайтын. Жұмыс күндері кешкілікте сары «Пазик» автобустан қырдан аялдамадан түсіп, Қызылкөлдегі үйлеріне қол ұстасып келе жататын. Сырттай біз қандай жарасымды жжп деп романтикаға беріліп, қызыға қарап тұратынбыз. Ауылдағылар оларды Қыз Жібек пен Төлеген деп дөріптейтін.

Кейін П.Сақтапбергенұлы кеңшарға агроном болып ауысты. Бұл жылдары шаруашылық жүгері, дәнді дақыл, жоңышқа егуден аудандағы алдыңғы қатарлы кеңшарлардың қатарына қосылды. Егіс алқаптарында қайнаған еңбектің ортасында Пардабағ жүретін. Жастарды егін егуге, жермен, жұмыс жасауға жжмылдырып, қыруар шаруа бітірді. Жас кадрдың еңбекқорлығын байқаған аудан басшылары оның аудан орталығына ауысуына ұсыныс жасады. Сөйтіп ол Қазақстан Компартиясы Созақ аудандық комитетіне атындағы ұжымшардың партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Өрмен қарай агроөнеркәсіп кешені кәсіподағы аудандық комитетінің хатшысы, төрағасы болды. Аудан әкімдігі жер



инспекциясының бастығы лауазымында жұмыс жасады. Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінде басқарды. П.Сақтапбергенұлы аудандық ішкі саясат бөліміне екі мәрте қызметке келген. 2006 жылы Созақ жастары қоғамдық бірлестігін құрды. Оның жетекшісі болып Серік Маманов тағайындалып, елге танылды. Пардекең кейін жер қатынастары бөлімінің басшысы болды. Осы қызметтердің барлығында өзінің іскерлігін, терең білімдарлығын, қарамағындағыларға орынды талап қоя білетін басшы ретінде танылды.

2006-2010 жылдары Тасты ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. Бұл жерде «Катко» Қазақ-француз біріккен кәсіпорнымен әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешу жұмысын осы кәсіпорынның жылдық жоспарына енгізеді. Атап айтқанда аз қамтылған отбасыларға көмір беру мәселесі қарастырылды. Кәсіпорын жергілікті халыққа көптеген көмектер жасады. Сол ауылдың тұрғындары П.Сақтапбергенұлының елді мекен тұрғындары үшін жасаған игілікті істері жайлы әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып жүр. Тасты ауылының төңірегінде орналасқан өндіріс орындары басшыларымен іскерлік байланыс орна-тып, олардың ауылдықтарға шептік көмек жасауына ықпал еткен. Нәтижесінде Тасты ауылында әлеуметтік нысандар бой көтеріп, аз қамтамасыз етілген жанұяларға уақтылы көмек көрсетіліп тұрған. Мерекелік шараларды өндіріс басшылары ауылға келіп, құттықтап, сыйлықтар үлестіріп, қаржылық көмек жасап тұруды дәстүрге айналдырған. Әсіресе көп балалы аналар, жәрдемді қажет ететін жанұялар ауыл әкімінің іскерлігі арқасында жүзеге асқан мұндай шараларға дән риза. Сол кездерде жанұясы Шолаққорғанда тұратын Пардабек аға пәленбай шақырым қашықтықта тұратын Тасты ауылына барып, келіп қызмет жасады. Бұл әрине кез-келген адамның қолынан келе беретін шаруа емес. Жаздың аптапты ыстығы, қыстың қытымыр аязында қызметтік «Жигули» автокөлігімен ол кісінің Тастыға кетіп бара жатқан сәтінде талай кездестірдім. «Қызмет осылай ғой» деп ағам күліп қойып, сапарын жалғастырып кететін. Еткен еңбек, төккен тер зая кетпеді. Тастының еңбектеген баласынан, еңкейген қариясына дейін таныды. Өздерінің қамқоршысы санап, жандарына жақын тұтты.

Шалғайдағы ауыл округінен П.Сақтапбергенұлы аудандық ішкі саясат бөліміне басшы болып, қайтып оралды. Бұл қызметте аудан журналистерімен бірге қызмет істеуге тура келді. Шығармашылық адамдарымен түсінісіп, өз ара тіл табысып жұмыс істеді. Аудандық газеттің құрылтайшысы осы бөлім болғандықтан маған Пардабек ағамен бірге қызмет атқару бақыты бұйырды. Бұрын ол кісімен бірге жұмыс жасағандар мақтағанда ризашылық сезімдерін молынан жеткізіп жататын. Ал енді менің де бір салада әріптес болуым маған үлкен жауапкершілік пен сенім жүктеді. Мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол азаматпен қызметтес болу арқылы көп нәрсені үйрендім. Қандай істің болмасын Пардабек түйінін әділ де таза шешетін. Осы

тұста аудандық басылым екі газет болып жарық көретін. «Молшылық» және «Теріскей» газеттері. Екі газет бірігіп «Созақ үні» болып шықты. Басылымның таралымы да көбейіп, төрт түрлі бояумен жарық көрді. Білімді, білікті, тәжірибесі мол басшыдан көп үйреніп, өзіме өмірлік рухани азық алдым. Қызметтің сан қырларын үйрендім десем артық айтқандық болмас.

Осы жазбамның басында айтқанымдай сонау бала күнімізде Пардабек ағам сияқты ел сыйлаған, елдің сөзін сөйлейтін азамат болсам екен деген арман биіктерге қанат қақтыратын. Сол бала қиялының орындалған тұсы ол кісімен қызметтес болған кездер ғой деп ойлаймын.

Зейнеткерлікке шығар алдында П.Сақтапбергенұлы Шолаққорған ауылының әкімі болып ауысты. Бұл қызметте де абыроймен атқарды. Аудан орталығының мәрі ретінде көптеген шаруаларды іске асырды. Қазақ Канада біріккен «Инкай» кәсіпорнымен Тастыдағы тәжірибесін бұл әкімшілікте әрмен қарай жалғастырды. Аталған кәсіпорын басшысына арнайы хат жазып, кездесуге шақырып, кәсіпорын басшысының әлеуметтік мәселесімен айналысатын орынбасары келіп, оған әлеуметтік пакеттерді ұсынды. Тасты ауыл әкімшілігіндегідей жасалған келісім, мұнда да жасалды. Ұлы Отан соғысының және тыл ардагерлеріне, сондай-ақ, Батыр аналарға, мүгедектерге, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген адамдарға көмектер көрсетілді. Тікелей келісім шартқа отырып әлеуметтік көмек ететін топқа көмір таратқызыды. Сол кезде ауыл әкімінің тікелей ықпалымен 300-350 адамға көмір берілді. Шымкенттегі көмір базасының жігіттерімен П.Сақтапбергенұлы өзі барып, сөйлесіп мәселені шешті. Пардабек алдына келген кісінің мұқтажын шешпей қайтарған емес. Тастының халқына көмір алып бергеннен кейін келесі жылдан бастап Шу толығымен қамтылды. Аз қамтамасыз етілгендер сонымен бірге Таукентте де қамтылды. Қазір «Катко» үш ауылға көмектеседі. Ол Шолаққорғанның көріктеніп, көркеюіне қомақты үлес қосты.

Қандай қызметте болса да П.Сақтапбергенұлы өзінің принципшілдігімен, білімділігімен, іс-тәжірибесінің молдығымен көрінетін. Талай шәкірттер тәрбиеледі. Қазір ауданда қызмет атқарып жүрген жастардың көбісі ол кісінің ағалық қамқорлығын, қызмет атқару қасиеттерін бойына сіңіріп өсті.-Пардабек аға біздің ұстазымыз ғой,-деген сөзді көп естимін. Соған марқайып, мерейім тасып, қуанып қаламын.

Пардабек Сақтапбергенұлы зейнет жасында болса да қоғамдық жұмыстардан қол үзген емес. Аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі ретінде көптеген игі шаралардың басы-қасында болып, оны ұйымдастыруға ұйытқы болып жүр. Талай жылдарда атқарған қызметтері үшін аудан әкімінің Алғыс хатын, Құрмет Грамотасын, ОҚО мемлекеттік, банк мекемелер қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасын, облыс әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалін, «Қазақстан Республикасына 20 жыл» мерекелік медалін «Жылдың үздік әкімі номинациясын», Созақ ауданының «Құрметті азаматы» атағын иеленген. Аудандық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, мәдени-көпшілік және жастар жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы ретінде пандемияға дейін аудан ардагерлері арасында спорттың барлық түрінен жарыстар өткізуге мұрындық болды. Өзін басты-қасында жүріп ұйымдастырды. Парасат пайымы жоғары азаматтың ауданға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Пардабек осыншама қыруар шаруа атқардым деп мақтанған емес. Біз ол кісімен мақтанамыз. Отбасында ұл-қыздарын өсіріп, Шолпан жеңешеміз екеуі бақытты ғұмыр кешіп отыр. Ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырған. Шаңырағының шаттығы немерелері желкілдеп өсіп келеді.

Жетпіс жастың желкенін көтеріп отырған Пардабек ағамызға мерей жасыңыз құтты болсын! Ортамызда аман-есен, қадірлі, батағөй қария, жастардың ақылшысы болып ғұмыр кеше беріңіз дегім келеді.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,**  
«Созақ үні» газетінің  
бас редакторы.

## Түркістан облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер Бейсен Іңкәр Әлібекқызының сайлауалды бағдарламасы

### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Экономикалық саясаттың тиімділігі – сапалы жұмыс орындарын құру, азаматтардың табысын ұлғайту, білім деңгейін арттыру, денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз ету міндеттерін іс жүзіне асыра отырып жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуінің нәтижесімен бағаланады.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыссыз жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтарға жыл сайын стартап гранттар мен несиелер беру мәселесіне;

Аудан және өзіміздің сайлау округінде туындаған мәселелерді шешуге мәслихат депутаттарының назарын аудару, депутаттық мандатты тиімді пайдалану мәселесіне;

## Өмірбаян



Бейсен Іңкәр Әлібекқызы – 1985 жылы 12 мамырда Созақ ауданы Сызған ауылында қарапайым көпбалалы отбасында дүниеге келген.

1991 жылы Созақ ауданы Сызған ауылындағы №7 Ф.Мұратбаев атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, аталмыш мектепті 2002 жылы аяқтады.

Білімі жоғары. 2002 жылы Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің Ақпараттық технологиялар және инженерлік факультетіне оқуға түсіп, 2007 жылы аталған оқу орнын информатика мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Алғаш еңбек жолын 2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) Кентау қаласындағы «Кентау» колледжінде информатика пәнінің оқытушысы болып бастаған.

2008-2009 жылдар аралығында Астана қаласы №57 мектеп мемлекеттік мекемесінде аға тәлімгер және информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаған.

2011 жылы Астана қаласы №59 мектеп-лицейі мемлекеттік мекемесінде директордың инновация істері жөніндегі орынбасары және информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасады.

2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Созақ ауданы, Тауент кентіндегі Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «№24 колледж» МКҚК-да информатика пәнінің оқытушысы болып жұмыс істейді. 2016 жылдан бастап осы мекемеде директор орынбасары болып қызмет атқарды.

2022 жылдан бері Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» КММ-де директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасайды.

Тұрмыста, бір ұл мен бір қыздың анасы. Жұбайы жоғары білімді, мамандығы инженер-технолог, уран өндірісі саласының білікті маманы.

Еңбек еткен жылдарында білім саласына қосқан үлесі және ұрпақ тәрбиелеудегі еңбегі үшін өзі жұмыс жасаған мекеме басшыларының, Астана қаласы әкімінің, Астана қаласы Білім басқармасы бастығының, Оңтүстік Қазақстан облысы Білім басқармасы бастығының, Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы басшысының құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталған.

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

Әлеуметтік дүкендер ашу, ашылған дүкендерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату мәселесіне;

Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мен несиелер арқылы ынталандыру мәселесіне;

Кәсіпкерлердің жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесіне;

Кәсіпкерлікке ауыл жастарын тарту мәселесіне;

Экологиялық және гендерлік аспектілерді ескере отырып, кедейшілікке қарсы күресу мәселесіне барынша ықпал жасаймын.

«Оңтүстік» АИО» ЖШС, «Ырыс» МҚҰ» ЖШС, «АШҚҚҚ» АҚ-ның, Аграрлық несиелер корпорациясы және шағын несиелер ұйымдары арқылы тиімді жобаларды несиелендіруге;

Аудан тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру бағыты бойынша Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады.

«Ауыл – ел бесігі», «Құтты мекен» жобаларын іске асыру мәселесіне;

Ана мен бала өліміне жол бермеу үшін аудандық орталық емхана мен ауруханаға білікті де білімді мамандардың келуіне жағдай жасау мәселесіне;

Аудан медицинасы саласында әйел босандыру, ана мен баланы қорғау жүйесін түбегейлі жақсартуға;

Аудан тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;

Аудандағы аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілу мәселесіне;

Дәрі-дәрмектердің жеткілікті қамтамасыз етілуі мен шектен тыс қымбат сатылмау мәселесіне;

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;

Нашақорлық пен ішімдікке қарсы күрес жұмыстарының жүйелі түрде өтіп отыруы мәселесіне;

Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп-қатердің алдын алу және азайтуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Білім беру саласының материалдық-техникалық базасын жақсарытып, жоғары жылдамдықтағы интернет желісін қосуға;

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсетуге күш-жігерімді жұмсаймын.

Қоғамдағы әйел аналардың рөлін, әлеуетін, барынша арттыруға күш салу. Көпбалалы әйел –аналардың негізгі мәселелерін көтеріп, барынша қолдау таныту.

Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында қолайлы амалдар мен жұмыс түрлерін қолдана отырып, халықтың әлсіз топтары соғыс және еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға, мүгедек жандарға, мүгедек балаларға, жетім балаларға қолдау көрсетіп, қамқорлық таныту. Мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер мен оларға асырап, қамқор болып отырған ата-аналарға қолдау танытып, жәрдемақылардың өмір сүру мүмкіндіктеріне барынша жеткілікті болуына ықпал жасау. Еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі мұқтаж жандардың еңбекпен қамтылуын, сонымен қатар жеке кәсібін ашуға барынша ықпал жасау.

Қоғамда отбасында әйел-аналарға, қыз келіншектерге, жасөспірімдерге жасалатын зорлық-зомбылықпен күресу, болдырмау шараларын ұйымдастырып, алдын алу. Әйел-аналар, қыз –келіншектер арасында мәдени, танымды-тәлімді насихаттық, іс-шаралар ұйымдастырып, үлгілі, бақытты, мерейлі отбасылар санының көбеюі жолында барынша жұмыс жасаймын.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі мен сыбайлас жемқорлықпен күрес бағыты бойынша

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның ішінде азаматтардың санасын өзгерту жолымен біздің қоғамымызда осы зияндылық толық жойылғанға дейін біздің жалпыға ортақ идеологиямыз болуға тиіс. Біз әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізге жетуге тырысуымыз қажет.

Өзіміз өмір сүріп отырған ортадағы әр ұлғаның санасына саналы және адамгершілікпен тамыр-таныстыққа қарсы тұра білу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу, оны жою, онымен күресу қабілетін қалыптастыру мәселесіне;

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның алдын алу мақсатында іс-шараларды өткізу мәселесіне назар аударамын.

### Қымбатты жерлестер!

Менің мызғымас ұстанымым туған жерге арналады. Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін.

## Түркістан облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер Б.Байғараевтың сайлауалды бағдарламасы

### Құрметті сайлаушылар!

#### Қадірлі жерлестер!

Елімізде былтырғы жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен қабылданған саяси реформалар – өз жалғасын табуда.

Алда аса маңызды науқан – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау жақындай түсуде.

Менің барлық саналы ғұмырым Сіздердің көз алдарыңызда өтіп келеді, қолымнан келгенінше халыққа қызмет етуге тырысудамын.

Өткен сайлауларда Сіздердің сенімдеріңізді иеленіп, өкілді органның бір мүшесі ретінде, кейінгі жылдары мәслихат депутаттарының жұмыстарын үйлестіріп, мәслихат хатшысы ретінде ортақ іске үлес қостым.

## Өмірбаян



Байғараев Бегімбет Биімбетұлы 25 ақпан 1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ветеринария факультетіне оқуға түсіп, оны 1990 жылы мал дәрігері мамандығы бойынша үздік дипломен бітірген.

1984-1986 жылдары Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеген.

1990-1991 жылдары «Созақ» кеңшарында мал дәрігері болып қызмет атқарған.

1991-1993 жылдары Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институтының экономиканы басқару факультетін бітірген.

1994-2015 жылдары «Көкалаң» шаруа қожалығын басқарған.

2003-2007 жылдары Созақ аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған.

2009-2015 жылдары «Ақниет-II» ЖШС-нің директоры қызметінде жұмыс атқарған. 2012 жылы Созақ аудандық мәслихатының депутаты болып сайланып, 2015 жылы маусым айында Созақ аудандық мәслихатының 5-ші шақырылымының хатшысы болып сайланған.

2016 жылы Созақ аудандық мәслихатының 6-шы шақырылымының хатшысы болып сайланған.

2021 жылы Созақ аудандық мәслихатының 7-ші шақырылымының хатшысы болып сайланған.

2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

2005 жылы әлеуметтік салаға көрсеткен көмегі үшін облыс әкімінің «Қамқорлық» сыйлығының иегері атанған.

2016 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл», 2021 жылы «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

2019 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет Грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталған.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

2022 жылы «AMANAT» Партиясы төрағасының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Жаняялы, зайыбы Жақсыбергенова Раушан ұстаз. Отбасында бес ұл тәрбиеленіп отырған үлгілі отбасы иесі.

Осы жылдарда жинақтаған тәжірибемді, білімді алдағы уақытта халықтың тұрмыс жағдайының, экономикамыздың одан әрі жақсаруына үлес қосу үшін жұмсап, саяси науқанға қатысқалы отырмын.

Сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, алдағы болатын сайлауда менің бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болмақ және барлық қабілетімді оны орындап шығуға жұмсайтын боламын.

Экономика және құрылыс саласы бойынша:

- Түркістан облысының даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді бекіткенде өзіміз сайлауға түскен округтің сайлаушыларының талаптары мен мұқтаждарының ескерілуіне барынша ықпал ету;

- Созақ ауданының даму бағдарламасына сәйкес «Созақ ауданында АТДС бар магистральды газ құбыры тармағын салу» мәселесінің шешілуіне ықпал етіп, ауданға газ жеткізу мәселесін бірінші кезекке қою;

- Созақ ауданында шоғырланған өндіріс орындарының облыс, аудан экономикасына қосатын үлесін арттыру, нақты әлеуметтік көмек көрсету мәселерін шешуге және ауыл жастарын жұмыспен қамту мәселесіне өндіріс орындарының тарапынан жағдайлар жасалып, мүмкіндіктер туғызу;

- Созақ ауданы, Ащысай, Хантағы, Құсшы ата елді мекендеріндегі облыстық, аудандық маңызы бар және елді мекендердің ішкі жолдарын алдағы жылдарға жоспарланған құрылыс жұмыстарының аяқталуына ықпал ету;

- Хантағы елді мекеніндегі жайылымдық мәселесінің, Құсшы ата елді мекеніндегі жарықтандыру мен ішкі жолдар мәселесіне, Ащысай елді мекеніндегі спорт алаңының жөндеу жұмыстарының орындалуына ықпал ету;

- Халықтың ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған «Таза су» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Саржаз, Балдысу, Қарабұлақ, Басбұлақ елді мекендерін орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етуге, округтегі шағын елді мекендерде блок-модуль кешенін орнату жоспарларына атсалысу;

2. Ауыл шаруашылығы саласы және кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша.

- Ауылды жерлерде мал басын көбейтумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мәселесіне бет бұрыс жасалуы тиіс және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес, мал басын асылдандыру арқылы ет, сүт өндіру көлемімен сапасын арттыру заман талабы. Осы мақсатта жоспарланған жаңа су қоймаларының құрылысының басталуына, қызмет етіп отырған су қоймаларының жөндеуіне бюджеттен қаржы бөлінуіне күш салатын боламын, атап айтқанда Құмкент ауылындағы Жылыбұлақ каналы, Созақ ауылындағы Суындық су қоймасының құрылыстарын жандандыру арқылы егіс көлемінің артуына, жайлымдарды суландыруға ықпал ететін;

- Ел Президентінің Жолдауына сәйкес, ауыл шаруашылығы және шағын кәсіпкерлікті дамыту, еліміздегі жастарды барынша жұмыспен қамту мақсатында бағытталған 2,5 пайыздық несиелер мен жеңілдіктер, субсидиялар алу кезіндегі кедергілерді аз және оңтайлы болуына көмек көрсетіп осы бағытта жаңа жобалары бар жас кәсіпкерлерге тиімді жобаларын іске асыруға күш салатын боламын;

- Ауылды жерлерде тамшылатып және жаңбырлатып суғару, ауыл шаруашылық құрылымдарын ірілендіру арқылы өнім өндірудің шағын цехтарын ашу, дамыту, шығарылған өнімдерін өткізу, бағасын тұрақтандыру үшін «Егіс алаңынан - сауда қатарына дейін» пилоттық жобасын іске асыру мәселесіне күш жұмсаймын;

3. Білім беру және денсаулық сақтау саласы

- Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы нысандардың материалдық техникалық базасын жаңартуын басты назарда ұстаймын;

- Білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы нысандардың жаңартуына, өзіміз сайланған округтегі елді мекендерде тозығы жеткен немесе үш ауысымды оқитын мектептер мәселесінің шешімін табуға, атап айтқанда Шолаққорған ауылындағы Ы.Алтынсарин мектебінің, Т.Әлімқұлов лицейінің қосымша жай құрылысының басталуына, Ыбырай ауылындағы Құрманғазы мектебінің құрылысының аяқталуына ықпал ететін боламын;

- Созақ аудандық орталық аурухананың облыстық бюджет есебінен күрделі жөндеуден өткізуге, аудан орталығына компьютерный томография қоюға, дәрігерлік амбулатория Республикалық бюджет есебінен күрделі жөндеуден өткізуге, ана мен бала денсаулығын нығайтуға үлес қосатын боламын.

4. Әлеуметтік сала және жастар ісі бойынша

- Облыстағы зейнеткерлер мен ардагерлердің, аналармен балалардың, мүгедектердің, тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың мұн-мұқтаждарын тиесілі органдарға жеткізу мәселесіне, еліміздегі «Тең қоғам» бағдарламасы бойынша атқарылатын мәселелерге, мұқтаж жандарды нақты кірісі мен өмір жағдайын бағалау арқылы тиісті атаулы әлеуметтік көмектер алу мәселелеріне басты назар аударатын боламын;

- Жұмыспен қамту бағдарламасы, «Бизнес Бастау» қайта оқуы мен өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтарға жылсайын стартап Гранттар мен несиелер беру арқылы еңбекке қабілетті адамдарды мемлекеттік қолдауға жеткізу үшін жұмыс жасаймын;

Қадірменді жерлестер!

Бұған дейін Сіздермен бірлесіп атқарған істеріме қолдау білдіріп, халық қалауысы болып сайланғаным, әрине маған деген сенім және мәртебе екендігі белгілі.

Ендігі жерде осы алға қойған міндеттерімді талап дәрежесінде іске асыру үшін тағыда Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін.

Туған еліміздің өсіп өркендеуіне адал қызмет етуді, өзіме жүктелген міндеттерді адал атқаруды, халықпен тығыз байланыста болуды негізгі өмірлік принциптерім деп айта аламын.

Еліміздің болашағы жарқын, халықтың тұрмысы жақсы, мерейі үстем, бақ-дәулетті болсын!

## №1 Шолақорған сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер СҮГІРБАЕВ БАҒЛАН ҚАНЖАРБЕКҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### Құрметті сайлаушылар!

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары ең алдымен экономикалық саясаттың тиімділігі- сапалы жұмыс орындарын құру, азаматтардың табысын ұлғайту, білім деңгейін арттыру, денсаулық сақтау қызметтерімен қамтамасыз ету міндеттерін іс жүзінде асыра отырып жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуінің нәтижесімен бағаланады.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасымен жұмыссыз жүрген және жұмыспен қамтитын азаматтарға жыл сайын стартап грант мен несиелер беру мәселесіне;

-Аграрлық сектордың қалдықсыз жұмыс істеу мәселесіне;

-Агроөнеркәсіп саласында ауылшаруашылық тауарларын өндіруші ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мәселесіне;

-Азық-түлік өнімдерін өткізу нарығын ұлғайту мәселесіне;

-Экономиканы дамыту үшін сырттан инвестиция тарту мәселесіне;

-Ауданның тиімді инфрақұрылымын құру мәселесіне;

-Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

-Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мен несиелер арқылы ынталандыру мәселесіне;

-Суармалы жерлердегі су жүйелерінің жаңаруына, судың ысырапсыз, көп шығынсыз жеткізілу мәселесіне;

-Ауыл ел бесігі, «Құтты мекен» жобаларын іске асыру мәселесіне;

-«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесіне;

-Азаматтардың тұрғын үйге қол жетімділігін арттыруда кезекте тұрған отбасылардың ба-  
спанамен заңға сәйкес қамтамасыз етілу мәселесін көтеруге;

-Ана мен бала өліміне жол бермеу үшін аудандық орталық емхана мен ауруханаға білікті де білімді мамандардың келуіне жағдай жасау мәселесіне;

-Аудан орталығы мен елді мекендердің тұрғын үйлерін су басу қауіпінен қорғау үшін ішкі көшелер бойынан су ағып кететін арықтар жүйесін салу мәселесіне;

-Аудандағы аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілу мәселесіне;

-Аудандағы елді мекендерде толық жарықтандыру жүйелерін орнатуға;

-Бюджеттің дұрыс атқарылуы мен бюджеттік қаражаттың мақсатты жұмсалыу мәселесіне;

-Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;

-«Жас кәсіпкер» жастар бизнес- бастамасының бағдарламаларын іске асыру мақсатында жыл сайын жастарға грант беру арқылы, бизнесі ашуға;

-Бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасауда стадион көшенің жүйелі әрі бұқаралық бағытта дұрыс жұмыс істеуіне;

Сайлауалды бағдарламада ауданымызда мәдениет пен туризмді дамытуға үлес қосуды ұрпақ алдындағы қасиетті борышым санаймын.

-Аудан орталығы мен ауылды жердегі көшелердің көркін келтіру мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көше бойларына аллеялар, скверлер салу, ағаш көшеттерін мен гүлдер отырғызу, оларға су желісін тарту, тұрғындар демалу үшін орындықтар орналастыру мәселесіне;

-Ауданда туризмді дамыту мәселесіне;

-Туристік мекемелерді ұйымдастыру, басқару және пайдалану үшін білікті кадрларды, орташа қызмет көрететін персоналдар мен маркетинг мамандарын даярлау бойынша білім беру жүйесін жетілдіруді ұйымдастыру мәселесіне белсене қатысамын.

-Қоғамдық ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру мәселесіне;

-Өзім өмір сүріп отырған ортадағы әр тұлғаның санасына саналы және адамгершілікпен тамыр-таныстыққа қарсы тұра білу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу, оны жою, онымен күресу қабілетін қалыптастыру мәселесіне белсенді атсалысамын.

### Қадірлі жерлестер!

### Құрметті сайлаушылар!

ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға өз кандидатурамды ұсынуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Біздің ауданымызда да шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, ауданымыздағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс жасайтын боламын:

-Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында, білім саласын дамытуда балабақшаның рөлі ерекше екенін атап өтті.

Өскеген жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу – қазіргі замандағы өзекті мәселенің бірі. «Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген ұрпақ» ендеше жақсы тәрбие ең алдымен балабақшада басталуына өз үлесімді қосу;

-Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігінің арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету;

-Қазіргі кездегі ана мен баланың құқығын қорғауға, отбасы институтын нығайтуға, ұлттық-рухани құндылықтарды дамыту, ұлттық сананы бойына сіңіру;

-Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, мүгедек отбасы мүшелерін жұмысқа тұруына жағдай жасау;

-Дарынды мектеп оқушыларына, білімдерін шыңдау жолында түрлі үйірмелер (өнер, ғылым, шығармашылық т.б) ашылуына ықпал етіп, жұмыстар ұйымдастыру;

-Неке мен отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған жұмыстар бойынша «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» пилоттық жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар барысы туралы ата-аналармен, балабақша қызметкерлерімен түсінік жұмыстарын жүргізу;

-Балабақша аясын кеңейтіп, мүмкіндігінше мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, жұмыссыздық деңгейін төмендету;

-Аудан орталығында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен шұғылдануға, балалар еркін-демала алатындай спорт, ойын алаңдарын салуға, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға атсалысамын.

### Құрметті сайлаушылар!

Сондықтан алдағы келе жатқан сайлауда мені қолдап, біркісідей белсене қатысып, елімізді дамытудың көшбасында келе жатқан «Аманат» партиясына, осы саяси партия ұсынған кандидатурамызға дауыс беруге шақырамын.

## №7 Құмкент сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихаты депутаттығына үміткер САҒЫНДЫҚ ЕРНАР ҚҰРАЛБЕКҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болмақ: Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

Жылыжай салу, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын жетілдіру, суармалы жерлердегі су жүйелерінің жаңаруына, судың ысырапсыз, көп шығынсыз жеткізілу мәселесіне;

Агроөнеркәсіп саласында ауылшаруашылық тауарларын өндіруші ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мәселесіне;

Аудан аумағында орналасқан тарихи, киелі орындарды дәріптеуге;

«Ауыл аманаты» жобасы аясында Құмкент аудандық округі тұрғындарының жеңілдетілген несиеге қол жеткізуіне;

«Жер аманаты» жобасы аясында жайылымдық жерлердің дұрыс пайдаланылуына бақылау жүргізуге;

«Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы» аясында жыл сайын жұмыссыз азаматтарға гранттар мен несиелер алуына жағдай жасауға;

Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне және Жылыбұлақ каналы жаңарту жұмыстарына атсалысуға;

Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесін, тағы басқа да тарихи орындарды дәріптеу, тарихи орындардың сақталуына республикалық тұрғыда жұмыстар жасалуына атсалысуға жұмыс жасаймын.

«Бақытты отбасы» партиялық жобасы шеңберінде отбасының рөлін арттыруға және отбасылық құндылықтарды нығайтуға ықпал ететін түрлі акциялар, спорттық іс-шаралар өткізуге;

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мәселесіне;

Ауыл тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;

Құмкент аудандық округінің жарықтандыру жүйелерін толық жарық диодты шамдармен алмастыруға;

Созақ ауданының тумаларын, мұраларды танымал ету жөніндегі жобаларды іске асыруға;

Білім саласындағы барлық бастамаларға қолдау көрсетуге, ұстаздардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға

Мемлекеттік бағдарламалар аясында барлық сала бойынша өндірілетін отандық өнімдерді қолдау, импорттық әлеуеттілікті көтеру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу орындарын көбейтуге;

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсетуге;

Жастарды ұлттың тағдырын таразылайтын өткені мен бүгінгі тарихын білу мен дәріптеуге тәрбиелеу мәселесіне;

- Аудандағы шаруа қожалықтары және ұйымдарымен меморандумдар жасау арқылы жұмыссыз жастың жұмыспен қамтылуына;

- Ауылдық округте волонтерлік клуб құру арқылы волонтерлік қозғалысты дамытуға;

Өзім өмір сүріп отырған ортадағы кез келген азаматтың бойында мемлекет пен ұлт алдындағы міндет, парыз, ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық тарих пен салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру мәселесіне;

Саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы ортақ мақсаттарға жастарды тарту мәселесіне күш-жігерімді жұмсаймын.

## №6 Жартытөбе сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер ҚОСАНОВ ҒАЛЫМЖАН ТӨЛЕНБЕКҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### Қымбатты жерлестер!

Мен өзіме халық мүддесі жолында жауапкершілік жүгін арта отырып, №6 Жартытөбесайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаттығына үміткер ретінде өзімнің білімім мен іскерлік қабілетімді, еңбек тәжірибемді және бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сайлауда сіздердің таңдауларыңыздың маған түсетініне сенім артып отырмын. Сол с ебепті депутат ретінде мен мына төмендегі мәселелерге баса назар аударуды өзімнің парызым деп санаймын.

-Мәслихат депутаттарының ролін күшейтуге, мәртебесін көтеру және аудан өмірінің барлық саласына ықпалын арттыруға, сайлаушылар мен депутаттардың қарым-қатынасын жақсартып, жүйелендіруге өз белсенділігім мен ынта-ықыласымды жұмсар едім.

Ауылды жердегі тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін депутат ретінде тиісті құзырлы орындарға нақты мәселе қояр едім.

Және бұл мәселенің орындалуын қадағалап, қамтамасыз етуге мүмкіндігім мол болар еді. Аудан көлеміндегі ескірген электр желілерін жаңартып, жаңа трансформаторлар қойғызып, жергілікті тұтынушылардың заман ағымына орай электрлі жарықты тұрақты пайдалануларына ықпал жасап, қолдау көрсетуді назарда ұстаймын.

-Ауданымыз бүгінгі таңда облыс көлеміндегі өндірісі өркендеген, аграрлы көшбастаушы аудандардың бірі болып саналатындықтан, жұмыссыздықты мүмкіндігінше азайтып, сонымен қатар аудан аумағында жұмыс жасап жатқан біріккен кәсіпорындар мен өндіріс орындарына қажетті мамандардың сырттан емес өз ауданымыздың тұрғындарынан тартылуына ықпалымды тигізер едім.

-Ауруханалар мен емханаларды орталықтандырылған су жүйелерімен толықтай қамтамасыз етуге, аудан халқының салауатты өмір салтын ұстану қағидасын жүзеге асыруда, бұқаралық спортты дамытуға, аудан халқының мәдени өмірін жақсартуға ұтымды ұсыныстар айтып, белсенділік танытып, қолдау көрсетуді өзімнің азаматтық борышым деп санаймын.

№6 Жартытөбесайлау округіне қарасты көше тұрғындарының көкейкесті мәселелерін шешуге тікелей, шамам келгенше үлесімді қосып, көмегімді беретініме сенім білдіре отырып, депутат болып сайлануға ниет танытуымның себебі: өкілетті орган мүшесі бола тұрып құзырлы орындарға, бүгінгі таңда күн тәртібінен түспей тұрған өзекті мәселелердің бірі – аудан халқының толық таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін нақты мәселелер қойып, сол бағытта аянбай еңбек ету болып табылады.

Жартытөбе ауылының табиғаты мен ерекшеліктерін ескере отырып туризм мәселесін қолға алар едім.

Жалпы елдің мүддесі мен игілігіне күш жұмсау басты мақсатым болмақ.

## №3 сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына үміткер ШӘҚКЕ АҚЕРКЕ ЕСЕНБАЙҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### Қадірлі жерлестер!

### Құрметті сайлаушылар!

ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға өз кандидатурамды ұсынуға бел будым. Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Біздің ауданымызда да шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы сеземін.

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, ауданымыздағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс жасайтын боламын:

-Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында, білім саласын дамытуда балабақшаның рөлі ерекше екенін атап өтті.

Өскеген жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу – қазіргі замандағы өзекті мәселенің бірі. «Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген ұрпақ» ендеше жақсы тәрбие ең алдымен балабақшада басталуына өз үлесімді қосу;

-Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігінің арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету;

-Қазіргі кездегі ана мен баланың құқығын қорғауға, отбасы институтын нығайтуға, ұлттық-рухани құндылықтарды дамыту, ұлттық сананы бойына сіңіру;

-Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы, мүгедек отбасы мүшелерін жұмысқа тұруына жағдай жасау;

-Дарынды мектеп оқушыларына, білімдерін шыңдау жолында түрлі үйірмелер (өнер, ғылым, шығармашылық т.б) ашылуына ықпал етіп, жұмыстар ұйымдастыру;

-Неке мен отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған жұмыстар бойынша «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» пилоттық жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар барысы туралы ата-аналармен, балабақша қызметкерлерімен түсінік жұмыстарын жүргізу;

-Балабақша аясын кеңейтіп, мүмкіндігінше мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, жұмыссыздық деңгейін төмендету;

-Аудан орталығында мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен шұғылдануға, балалар еркін-демала алатындай спорт, ойын алаңдарын салуға, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға атсалысамын.

### Құрметті сайлаушылар!

Сондықтан алдағы келе жатқан сайлауда мені қолдап, біркісідей белсене қатысып, елімізді дамытудың көшбасында келе жатқан «Аманат» партиясына, осы саяси партия ұсынған кандидатурамызға дауыс беруге шақырамын.

## №14 Таукент сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихат депутаттығына үміткер ЖАМИЕВА ҚАРЛЫҒАШ НЫШАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болмақ: Аудан, жергілікті билік өкілдерімен бірлесе отырып алдағы уақытта мына жасалатын жұмыстардың орындалуына ықпал етемін.

Аудан және өзімнің сайлау округімде туындаған мәселелерді шешуге мәслихат депутаттарының назарын аудару, депутаттық мандатты ел игілігі үшін тиімді пайдалану;

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті қолдау;

Кәсіпкерлікке кент жастарын тарту мәселесіне қолдау көрсетемін;

Таукент кентінің көпқабатты тұрғын үйлерінің қасбеттерін әрлеу, сырлау жұмыстарын жүргізуге;

Таукент кентінің батыс жақ бөлігіндегі алыс саяжайдағы «Күркіреуік» су тоғанына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

Таукент кентінің кіре беріс екі бағыттағы жолдың ортасына сәнді ағаш көшеттерін отырғызып, қоршау жұмыстарын жүргізуді;

Көпқабатты тұрғын үйлер арасындағы жаяу жүргіншілер жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді;

Кент көшелеріне асфальт жолдар салу-Жыныс ата көшесіне, С.Тойшыұлы, Бәйтерек, Болашақ, Мәңгілік ел, Мыңжылқы көшелеріне және кенттің ішіндегі екі бағыттағы асфальт жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, коттедж бен кент ортасындағы жолдың шетінен жаяу жүргінші жол салу және көше жарығын жүргізу;

Жыныс ата елді мекені мен Таукент кентінің арасындағы жаяу жүргінші жолын салу және жарықтандыру;

Дәрі-дәрмектердің жеткілікті қамтамасыз етілуі мен шектен тыс қымбат сатылмау мәселесіне;

Білім беру саласының материалдық-техникалық базасын жақсартып, жоғары жылдамдықтағы интернет желісін қосуға;

Кенттегі саябақтарға жарықтандыру және көше бойларына жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді;

І.Кеңесбаев мектебіне және С.Әліұлы мектебіне балалар тасымалын ұйымдастыруды;

Жылу жүйесі және жылыту қазандықтарының мәселесін шешуді;

«Қамқорлық» жобасы аясында өтетін қайырымдылық іс-шараларына жалғызбасты және әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды тартуда ат салысамын. Барлық мәселені билікпен, халықпен бірге бірлесе шешуге ықпал жасау.

Таукент кентіндегі І.Кеңесбаев мектебінің жанындағы спорт алаңшасын күрделі жөндеуден өткізуді;

Кенттегі жасанды көлді қоршау, демалыс орындарын ашуды қолға алу;

Көпқабатты үйлердің аулаларын көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу; Ол үшін, «Ең үлгілі аула», «Үлгілі үй», «Ең үлгілі мекемем» іс шараларын ұйымдастыруды;

Балалар ойын алаңшасын салу -Жыныс ата көшесіне, Қ.Тоқмағанбетов, Бейбітшілік көшелеріне, кент ішіндегі кіші коттеджге т.б.;

Мектептегі оқушыларды өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға қатыстыруда ат салысамын;

Кентіміздегі мәдениет үйін жөндеуді, материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды;

Әр отбасының рөлін арттыруға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға ықпал ететін түрлі акциялар, спорттық іс-шараларды жүйелі түрде өткізуді өткізуді;

Кентіміздегі белгілі тұлғаларды, мұраларды танымал ету жөніндегі жобаларды іске асыру; (Ауданымыздың Құрметті азаматы, Мерейлі отбасы)

Бірінші үйдің тау жақ бетіне жабық спорт алаңшасын салуға;

Таукент кентінің 40 жылдық мерей тойын өткізуге ат салысу.

Депутатқа сайланудағы менің мақсатым Сіздермен тығыз ынтымақтаса отырып, халық пен билік мекемелерінің арасындағы маңызды мәселелермен міндеттерді өз деңгейінде шешу болып табылады.

Құрметті жерлестер! Сіздерден біздің кентіміздің болашағына немқұрайлы қарамауларыңызды сұраймын.

Менің мызғымас ұстанымым туған жерге арналады. Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп сенемін!

## № 2 Теріскей сайлау округінен Созақ аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат РАЙМОВА РАЗИЯ ӘБДУРАСҰЛЫҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



### ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Менің бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар болмақ:

Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне микроқаржы ұйымдары беретін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мәселесіне;

Кәсіпкерлікке кент жастарын тарту мәселесіне;

Қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне, мәдениетті арттыруға және адамның еңбек құқықтарын сақтау мәселесіне

Экологиялық және гендерлік аспектілерді ескере отырып, кедейшілікке қарсы күресу мәселесіне барынша ықпал жасаймын.

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесіне;

Азаматтардың тұрғын үйге қол жетімділігін арттыруда кезекте тұрған отбасылардың баспанамен заңға сәйкес қамтамасыз етілу мәселесіне,

Аудан медицинасы саласында әйел босандыру, ана мен баланы қорғау жүйесін түбегейлі жақсартуға;

Ауданға қарасты ауылдардың электрмен толық жабдықтауға;

Аудандағы аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілу мәселесіне;

Дәрі-дәрмектердің жеткілікті қамтамасыз етілуі мен шектен тыс қымбат сатылмау мәселесіне;

Соғыс ардагерлеріне, қазыналы қарттарға, көпбалалы аналарға, ана мен бала денсаулығын қорғауға, еңбекке жарамсыз азаматтарға қызмет көрсетуді жақсарту мәселесіне;

Халықтың денсаулығына төнетін экологиялық қауіп-қатердің алдын алу және азайтуға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Білім беру саласының материалдық-техникалық базасын жақсарытып, жоғары жылдамдықтағы интернет желісін қосуға;

2025 жылға мүмкіндігі шектеулі азаматтарды «Еңбек» бағдарламасы аясында жұмыспен қамтуға;

«Қамқорлық» жобасы аясында өтетін қайырымдылық іс-шараларына жалғызбасты және әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды тартуға;

Тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ететін Отанымыздың нағыз патриоттарын тәрбиелеу, бұл – басты құндылығымыз, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

«Бизнестің жол картасы», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларын орындау мәселесіне;

Ауыл жастарының арасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне;

Мектептегі оқушыларды өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға қатыстыруға; Тұрғын үй беруде алдымен жас отбасыларға басымдық беруге күш-жігерімді жұмсаймын.

Менің мызғымас ұстанымым туған жерге арналады. Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін.

## №9 Созақ сайлау округінен Созақ аудандық мәслихат депутаттығына үміткер АЙГҰЛ ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

### Құрметті жерлестер!

Мен аудандық мәслихатқа үміткер ретінде ауыл тұрғындарымен бірлесе жұмыс жүргізу үшін сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

- Тұрғындардың әлеуметтік мәселелері, (тұрғындардың әлеуметтік- әлсіз топтармен жұмысты жандандыру, мүгедек, қарт кісілер мен жалғызбасты азаматтарға және көп балалы отбасыларына моральдық-әлеуметтік көтермелеу жұмыстарын ұйымдастыру, дәрігерлік есепте тұратын азаматтардың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуін назарда ұстау);

- Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуын назарда ұстау;

-Жастар саясатын жүзеге асыру мен ауылда жастарды тұрақтандыру мақсатында жұмыс кездерін ашу мен баспана мәселесін шешу жолдарын қарастыру;

-Білім мен мәдениет саласын дамыту мақсатында мектептердің және мәдениет үйінің материалдық жағдайын жақсартуға үнемі атсалысу, білімді, өнерлі жастарды тәрбиелеу мен олардың танымдық-шығармашылық мүмкіндіктерін шыңдау мақсатында жастар ұйымымен бірлесе насихат жұмыстарын тұрақты жүргізу;

- Электр жарығы, яғни ауыл тұрғындарының өмір қауіпсіздігі үшін трансформаторлар мен электр сымдарын ауыстыру мәселесін шешу;

- Интернет желісі мәселесін шешу;

- Созақ ауылындағы асфальт жолдарын жөндеу және жаяу жүргіншілер жүретін жол салдыру;

- Пошта, «Қазақтелеком», телестанция жұмыстары үнемі бақылауда болады;

- Ауыл тұрғындарының бірлігі мен ынтымағын үнемі жетілдіріп отыру;

- Ұлттық салт-дәстүрге байланысты мәдени шараларды көптеп ұйымдастыру;

- Көнекөз қариялардың өнегелі жолдарын жастар арасында кеңінен насихаттау;

-Жас отбасыларға жағдай жасау мәселесін қолға алу;

- Ауыз су, газ құрылымдарын орнату, мәселесін үнемі назарда ұстау;

-Әлеуметтік аз қамтамасыз етілген жанұяларға үнемі қамқорлық көрсету.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жаңа технологиямен жұмыс жасайтын педагог кадрларды көптеп тартып, олардың еліміздің болашағы жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім берудегі мемлекет тарапынан берілетін түрлі көмек түрлерін дер кезінде алуына көмектер көрсетіп, олардың тұрақты істеуіне ықпал жасау;

-Жастарды бос уақытын тиімді өтілуіне мәдени шараларға көптеп қатыстыруға ыңтықты болу және ауыл тазалығы мәселесін үнемі назарда ұстау;

- Көгалдандыру, көркейту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;

-Мектепке дейінгі ұйыммен мектептегі бала тәрбиесіне ата-аналардың қатысуын назарда ұстау;

Егер де халық маған сенім білдіріп, халық қалаулысы болсам білімді, күш-жігерімді, тәжірибемді барынша жұмсап, ауыл тұрғындарына қалтқысыз қызмет етемін.

Менің ұстанымым: «Жауапты адам – жауапты қоғам- жауапты мемлекет»!



## №10 Науайы сайлау округі бойынша Созақ аудандық мәслихаты депутаттығына үміткер ТӨРЕБАЕВ ОЛЖАС ОРАЗБАЙҰЛЫНЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

-Ауылымыздың экологиялық жағдайының жақсаруына күш саламын.

-Ауылды көркейтуге, көгалдандыруға, көшелерді жарықтандыруға көңіл бөлемін.

-Ауыл маңындағы жайылымдық жерлерді кеңейтуге, ауыл тұрғындарының төрт түлік малын жаюына мүмкіндік алуына жағдай жасауға күш саламын.

-Ауылдың ішінен халық демалатын парк салынуына назар аударамын.

-Ауыл жастарының қоғамдық өмірге белсенділігін арттырып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын.

-Жастардың кәсіби мамандықтар алып, тұрақты жұмысқа тұрына мүмкіндіктер жасауға назар аударамын.

-«Дипломмен ауылға» бағдарламасына орай жастарды қолдау шараларын жасап, оларды тұрғын жаймен, әлеуметтік қолдау қаражатын шешуге күш саламын.

-Ауылдағы және елді мекендегі күл-қоқыстарды белгіленген жерге тастауды ұйымдастырылуына назар аударамын.

-Ауылдағы ауыз су мәселесін шешуге күш саламын.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

## /Сайлаушылардың назарына/

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы бойынша «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38 – бабы 1 – тармағы негізінде дауыс беруді бастау мен аяқтау уақыттары

№721 «Тайқоңыр» сайлау учаскесінде 06:00 сағаттан 18:00 сағатқа дейін, №722 «Таукент» сайлау учаскесінде 06:00 сағаттан 20:00 сағатқа дейін өткізіледі.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.**

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың наурыз айының 16 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

## Аудан тұрғындарының назарына!

Жануарларға қызығып, оларды асырағысы келетіндер көп. Әйтсе де, Созақ ауданында елді мекендерінде жеке үйлер мен пәтерлерде ит пен мысық ұстаудың өз қағидалары бар екенін бірі білсе, енді бірі хабарсыз. Яғни, үй жануарларына ветеринарлық қажат алу, байлап ұстау, асырау және тымалдырық кигізіп, серуендету қағидасына сәйкес әрекет ету қажет. Ал арнайы ережеге бағынбаған жағдайда үй иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Ветеринар дәрігер оларды жиі тексеріп тұруы тиіс. Өйткені, ит пен мысықтан құтырудан басқа, гельминттер мен түрлі паразиттік аурулардың жұғуы дәлелденген. Жануарларды асыраңыз, оларға күтім жасаңыз, жанашырлық танытыңыз. Бірақ өзіңіздің және өзгенің денсаулығына зияны тимеуі қажеттігін басты назарда ұстаған жөн.

**М.ТӨКЕНОВ,**

**рабиолог маман.**

**Сұрақтар бойынша тел: 87757030996.**

## Көкжиектің көркемдігін сақтайық!

Көктем келген сайын жылда ағаш көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Одан кейін ол отырғызған көшеттеріміздің ертеңіне елеңдей қоймайтынымыз бар. Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда газ жарылды, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізіліп, түрлі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, от жағып пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыстар барысында кеңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті. Өлкеміздің өрттен аман болып, гүлденуі мен көкжиегіміздің көк орай майсалы алапқа айналуы сіз бен біздің өз қолдарымызда екенін ұмытпайық, табиғат жанашырлары!

**Нұрболат БИСҮГІРОВ,**

**Созақ орман шаруашылығының қорықшысы.**

## Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...



Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, жаны жайсаң жан болған Салима Мейірманқызы анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Кейтсеңдағы бізден алыс мәңгілік,**

**Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.**

**Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,**

**Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,** - деп,

асыл анамыз Салима Мейірманқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, анамыздың көзін көрген жандардың есіне саламыз.

**Ас – 19 наурыз күні (18 наурыз – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Ш.Қалдаяқов көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, немере-шөберелері, Шерниязовтар отбасы.**

Созақ ауданы әкімі, аудандық ардагерлер кеңесі Созақ ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Баймағанбетов Әбдуәліге жұбайы

**Жолдасбекқызы Тәттікүлдің**

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақта-сып, көңіл айтады.

## Хабарландыру!

17.04.2023 ж. сағ. 12:00-де Созақ ауданы, Қозмолдақ а., К.Тоқмухамедов көш.,32 әкімшілік ғимаратында Таукент кенті ҚТҚ полигонына арналған жол берілетін шығарындылардың нормативтері жобасы, ӨЭБ, ҚББ, ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоба тапсырысшысы: Созақ ауданы әкімдігінің ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің «Созақ сәулет» МКК, мекенжай: Шолақорған а., С.Қожанов көш., н/ү, тел.: +77028871100, sozaksaulet@bk.ru

Нормативтер жобасын әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Жобалық құжаттамамен танысу esportal.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: nurzhamal-sydyko@mail.ru. 87014438900.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы, 27Т, a.shymbekova@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

## Объявление!

17.04.2023 г. в 12:00 проводятся общественные слушания в форме открытых собраний для проекта нормативов-допустимых выбросов (НДВ), ПЭК, ПУО, ППМ для полигона ТБО п.Таукент по адресу: Созакский район, с.Козмолдак, ул.К.Тоқмухамедова, 32 (акимат).

Заказчик проекта – ГКП «Созақ сәулет» отдела ЖКХ, ПТ и АД акимата Созакского района, адрес: с.Шолақорған, ул.С.Кожанова, б/н, тел.: +77028871100, эл.адрес: sozaksaulet@bk.ru

Разработчик НДВ: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале esportal.kz. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: nurzhamal-sydyko@mail.ru. 87014438900.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан пр. Б.Саттарханова, 27Т, a.shymbekova@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

## Жемқорлыққа қарсы күрес

## Әр азаматтың міндеті болмақ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін таппаған жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысы да қатты алаңдататыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту ет-

кендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстар-

дың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономика ны құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Президентіміз өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

**Сәкен ІЗБАЛАЕВ,**  
**Мемлекеттік сот орындаушы.**

## Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг; сыбайлас жемқорлық тәуе-

келдерін талдау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп.

Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

**Бақытжан АСҚАРОВ,**  
**Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.**

# Созақ спорты сүйіншілейді!



## Белбеу күресінен біріншілік өтті

Өткенде "Созақ спортының соны жаңалықтары" деген тақырыппен "Созақ үні" газетінде мақала, "Sozaq News" ақпараттық порталының "Facebook" әлеуметтік желісіндегі парақшамызда жариялаған болатынбыз! Сол жарияланымдарда Созақ спортының ақпан айындағы соны жаңалықтарының соңы деген ой айтқан едік! Сөйтсек, Созақ спортшылары аудан жұртшылығын жеңістерімен сүйіншілеудің соңын кеспеген екен ғой.

Сонымен, ақпан айының 16-18 күндері аралығында Белбеу күресінен 2006-2007 ж туылған жасөспірімдер арасында облыс біріншілігі болды! Түркістан облысының сақа спортшыларын жинаған жарыс Созақ ауданының Құмкент ауылында болып өтті. Осы чемпионатта жерлестеріміз:

Ақмолда Нұрғали 45 келі салмақта белдесіп, жүлделі 2 орынды иеленді. Ал, Бейсенбі Санжар 45 кг салмақ дәрежесінде сынға түсіп, 3 орынға табан тіреді! Ал енді, Төлеубай Нұрбек те 85 кг салмақта

## Жетісайда да жасөспірімдеріміз жеңімпаз атанды

Грек-рим күресінен де 2006-2008 ж туылған жасөспірімдер арасында Түркістан облысының чемпионаты Жетісай ауданында 15-17 ақпан күндері болып өтті! Бұл чемпионатқа да жерлестеріміз барып, жеңіс тұғырынан көрінді. Мәселен, 48 кг салмақ дәрежесінде Төлебай Аян 2-орынды иеленді. Ал, 110 кг салмақ дәрежесінде Бекжанұлы Бекболат 3-орын жеңіп алды! Ендеше, Грек-рим күресімен шұғылданып, ауданымыздың атын шартарапқа шығарып жүрген оғандарымызға да сәттілік тілейміз!

## Ақпан айын асық атушыларымыз қорытындылады

Асық атудан жасөспірімдер және жастар арасында Түркістан облысының чемпиона-



күресіп, 3 орынды қанағат тұтты! Сондай-ақ, Құрмаш Нұрхат жерлесіміз де 95 кг салмақ дәрежесінде жүлделі 3 орынды жеңіп алды. Жеңіс құтты болсын жерлестер!

ты Түлкібас ауданында 23-24 ақпан күндері болып өтті! Осы чемпионатта Созақ ауданының құрама командасы 3-орын жеңіп алды! Ұлттық ойынымызды насихаттап жүрген ұландарымызға жеңіс тұғырларынан көріне беріңдер дейміз!

**Данияр БЕК.**

Берекетке толы, қасиетті үш айдың бірі- Шағбан айы. Сауапқа толы бұл ай қамари санақ бойынша сегізінші ай болып есептеледі. Шағбан айының атауына байланысты түрлі пікірлер айтылған, соның ішінде Умдату Ал-Қаридың сахих Ал-Бухариге жазған шарх кітабының он бірінші томында тарихшы Бәду әд-дин әл-Файнидің: «Шағбан-жиын, қосылу, бірігу деген мағынаны білді-

Әли ибн Әбу Талибтен Алла ол кісіден разы болсын жетеді, Алла елшісі: «Шағбан айының жартысы толған түнді құлшылықпен (мағынасы мен маңыздылығына сай) өткізіңдер. Күндіз ораза ұстаңдар. Өйткені, Алла Тағала күн ұясына батқан шақта: «Кешірім тілеуші бар ма, кешірейін. Ризық сұраушы бар ма, ризық берейін. Ауру-сырқауға ұшыраған бар ма, шипасын берейін», - деп,

# ШАҒБАН-

## Рамазанның сүйінші айы

реді. Өйткені осы айда Рамазан секілді көп жақсылықтарға қол жеткізу(жинау) мүмкіндігі бар», -деп түсіндіреді. Сонымен қатар Шағбан айы- өзінен кейінгі Рамазан айына үлкен дайындық айы. Алла елшісінің осы айдағы амалдарын Айша анамыз былайша баяндайды: «Алланың елшісі Шағбан айы секілді басқа айларда көп ораза ұстамаған еді», басқа риуаятта «Алла елшісі Шағбан айында аз күндерді ғана оразасыз өткізетін»(сахих Бухари, мүслим). Ал, Алла елшісінің неге бұл айда оразаға ерекше көңіл бөлуінің сырын Усама р.а. атты сахаба түсіндіреді.

Ол кісі Пайғамбар с.а.с алдына келіп;

«Уа, Алланың елшісі, дәл Шағбан айында жиі ораза ұстағаныңыздай басқа айда мұншалықты ораза ұстағаныңызды көрмедім»,-деп сұрағанда: «Шағбан – адамдардың басым көпшілігінің Рамазан мен Ережеп айларының ортасында мән бермей кететін айы. Бұл айда амалдар Алла Тағаланың құзырына көтеріледі. Мен де амалдарымның ораза ұстаған кезімде Алланың құзырына көтерілгенін қалаймын»,- деген. (Насаи саум70)

Пайғамбарымыздың; «Мен де амалдарымның ораза ұстаған кезімде Алланың құзырына көтерілгенін қалаймын» деген сөзінің астары үлкен. Себебі Ибн Нәжжардың риуаятында: «Айша! Бұл айда ажал перішесі жанын алындындардың тізімін жазады. Менің де атым ораза тұтқан кезімде жазылғанын қалаймын» деген Алланың сүйікті құлы Пайғамбар с.а.с. (Суюти, Дуррул Мансур) Мұсылман баласының қалауларының басында Жаратушысына жақсылықпен жолығу, разылығына жету. Сол себепті үлкен кісілер «Жаратқан, имансыз жанымы алма» деп жиі айтып жатады. Сол тағдырымыздың жақсы жағына өзгеруіне бірден-бір себеп осы айдағы ораза екен. Сол себепті ілгері мұсылмандар бұл айдың күндізін оразамен, түндерін мінәжатпен өткізіп, көп дұғалар жасаған.

Шағбан айының тағы бір ерекшелігі Бараат түні. Бұл түнде періштелер жер бетіне түсетін және дұғалар қабыл болатын түн.

Пайғамбарымыз с.а.с. бұл түннің маңыздылығын былайша түсіндіреді:

таң шапағы атқанға дейін рақымын төгеді», - деп айтты дейді. (Сунәну ибн Мәжа, Иқаматус сала) жаратылысы әлсіз болған сіз бен біздің қателіксіз қадам баспайтынымыз, төрт құбыламыз тең болмайтыны айқын. Сондықтан да осы айды ганибет деп біліп қателіктеріміздің кешірілуін және мал-жанымыздың аман-дығын, өміріміздің берекесін сұрауымыз аса маңызды.

Осы айда тағы көңіл бөлетін нәрсе мінез-құлқымызды тәрбиелеуге асығу. Біз білетіндей Рамазан рухани мектеп айы. Көркем мінез қалыптастыруға үлкен септігін тигізетін ай. Ал,Шағбан сол айға рухани дайындалу айы болып саналады. Сол себепті Шағбан айында көркем мінезділікке көңіл бөлуді ұмытпау керек. Жадымызда сақтайтын бір жәйт ораза, мінәжат, дұға барлығы да бізді кемелдікке жеткізу жолындағы себептер. Хадисте:

Бараат түні жайында Айша анамыз (одан Алла разы болсын) былай айтқан. «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл түннің не түн екенін білесің бе?» - деп сұрады. Мен: «Алла және Оның елшісі жақсы біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл – Шағбан айының он бесінші түні. Алла Тағала бұл түні құлдарына мейіріммен қарайды, кешірім іздеушілерге кешірім береді, кешірім сұраушыларға Өзінің мейірімін төгеді. Бірақ жүрегінде ашу-ызасы бар кісілерді мейірімсіз қалдырады әрі олар зұлымдықтан арылмаса, оларды жарылқамайды да»,-деді (Бәйнақи). Демек ғибадаттардың бізден талап етері Жаратушы талап еткен бойымызға кемелдік сипаттарды қалыптастыру.

Себебі жоғарыдағы айтылған хадисте зұлымдығын тастамаған адамның, ішіне ашу-ызас бұққан адамның Жаратқан мейіріміне жетуі алыс екенін нұсқайды. Жаратушы Иеміз осы Шағбан айын берекелі етіп, қасиетті Рамазанға аман-есен жетуімізді нәсіп етсін. Құлшылықтарымызды қабыл етсін.

**М.ӘБДІҚҰЛОВ,**  
Ауданның бас имамы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңісбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы,**  
**С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30**  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.